




ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ИПОТЕКАЛЫҚ НЕСИЕЛЕУ ДӘРЕЖЕСІ

Қазақстандықтардың жартысына жуығында несие немесе қарыздық борыштары бар. Бұл туралы 2022 жылдың ақпан айында ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ жүргізген өңірлік мониторингтің нәтижелерінен белгілі болды. Сондай-ақ қарыздарымен қоса белгілі бір жинақтары бар адамдардың үлесі несиесі бар (жинақтары жоқ) тұрғындарға қарағанда 9,2% төмен.

Қарыз міндеттемелері бар респонденттердің 18,9% тұрғын үй ипотекасын төлейді. Ипотекалық несиесі бар тұрғындардың арасында 30-45 жастағы азаматтар және 60 жастан асқан адамдар бар.

Ипотекалық тұрғын үй несиесі бар респонденттердің саны бойынша Қарағанды облысы (37,2%), Алматы қаласы (32,4%), Жамбыл облысы (29,0%) және Батыс Қазақстан облысы (28,0%) көш бастап тұр. Ал Шымкент қаласы (7,5%), Солтүстік Қазақстан (10,0%) және Маңғыстау (10,7%) облыстарының тұрғындарында жоғарыда айтылған облыстарға қарағанда ипотекалық несие көрсеткіші төмен.



ҚСЗИ өңірлік мониторингі 2019 жылдан бері 6 800 респонденттің іріктемелі жиынтығымен жүргізіп келеді.

Зерттеу географиясы 14 облысты және республикалық маңызы бар 3 қаланы қамтиды.

Барлығы 185 қалалық және ауылдық елді мекен. Іріктеме негізгі жиынтықты (ҚР 18 жастан асқан халқы)

негізгі параметрлер бойынша (жынысы, жасы, этникалығы, қоныс түрі) көрсетеді.